

Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің келу және оларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 мамырдағы № 518 қаулысы

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 7-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің келу және оларды тіркеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2017 жылғы 2 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 1

м а м ы р д а ғ ы

№

5 1 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің келу және оларды тіркеу қағидалары

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің келу және оларды тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 2013 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге (бұдан әрі – халықаралық мамандандырылған көрме) қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің Қазақстан Республикасына келу және оларды тіркеу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы – заттарды (экспонаттарды)

халықаралық мамандандырылған көрмеге қоятын және халықаралық мамандандырылған көрмеде ұлттық секцияларда тиісті елді білдіретін жеке тұлға немесе заңды тұлға, соның ішінде халықаралық шарттың талаптарына сәйкес қабылданатын халықаралық мамандандырылған көрмені өткізудің ішкі қағидаларында айқындалған халықаралық ұйым немесе жеке тұлға не заңды тұлға;

2) халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушының қызметкері – халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысатын елдің немесе халықаралық ұйымның стендін, павильонын безендіру бойынша құрылыс-монтаж, инженерлік-техникалық, сәулеттік, дизайнерлік жұмыстарды орындайтын жеке тұлға немесе заңды тұлғаның қызметкері;

3) аккредиттеу картасы – Қазақстан Республикасының визасын алмастыратын және халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысуға немесе халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыруға және өткізуге байланысты өзге де қызметтерді жүзеге асыруға құқық беретін құжат;

4) ішкі істер органдары – Астана қаласының Ішкі істер департаментінің көші-қон полициясы басқармасы;

5) халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушы – «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы;

6) сәйкестендіру картасы – халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыларға және (немесе) қатысушылардың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасына келуге және одан кетуге сауалнама ретінде қолданылатын құжат;

7) халықаралық мамандандырылған көрменің бірыңғай басқару орталығы (бұдан әрі – Бірыңғай басқару орталығы) – халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастыру және өткізу мәселелері, соның ішінде Қазақстан Республикасының аумағындағы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылар қызметкерлерінің келуі, кетуі және оларды тіркеу мәселелері бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін құрылатын халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі;

8) ақпараттық дерекқор – халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің оларға аккредиттеу карталарын беру үшін берілген сәйкестендіру карталарында көрсетілген деректер негізінде Бірыңғай басқару орталығы қалыптастыратын халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері туралы мәліметтер;

9) құжат – Қазақстан Республикасына келуге немесе Қазақстан Республикасынан кетуге құқық беретін паспорт немесе оны алмастыратын құжат.

3. Сәйкестендіру карталарын беруді ұйымдастыруды халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушы сәйкестендіру картасының нысанын халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушының ресми

интернет-ресурсына орналастыру арқылы жүзеге асырады.

4. Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сәйкестендіру карталарын толтырады және өздерінің Қазақстан Республикасына келуіне дейін кемінде екі ай қалғанда олардың сканерленген көшірмелерін Бірыңғай басқару орталығының ресми электрондық мекенжайына жібереді.

5. Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері бар елдердің азаматтары болып табылатын халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері визалар мен құжаттар болған, сондай-ақ осы адамдарға қатысты Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шектеулер болмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасына кіреді.

Қазақстан Республикасына виза негізінде кіретін, аккредиттеу карталары жоқ халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері визаның әрекет ету мерзімі ішінде Бірыңғай басқару орталығынан аккредиттеу карталарын ала алады.

6. Қазақстан Республикасымен келудің және болудың визасыз тәртібі туралы келісім жасасқан мемлекеттерден келген халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыларға және (немесе) қатысушылардың қызметкерлеріне Қазақстан Республикасына келу үшін аккредиттеу карталарының болуы талап етілмейді. Мұндай жағдайда, халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері визасыз болу мерзімінде Бірыңғай басқару орталығынан аккредиттеу картасын ала алады.

7. Осы Қағидалардың 10-тармағында көзделген жағдайларда халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері аккредиттеу карталары мен құжаттар болған, сондай-ақ осы адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер болмаған кезде, визасыз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттері арқылы Қазақстан Республикасына келеді.

8. Аккредиттеу картасы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің халықаралық мамандандырылған көрменің объектілеріне еркін кіруін қамтамасыз етеді.

9. Аккредиттеу картасын Бірыңғай басқару орталығының уәкілетті қызметкері халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы және (немесе) қатысушының қызметкері сәйкестендіру картасында көрсеткен деректер негізінде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырады және қолымен және Бірыңғай басқару орталығының мөрімен куәландырады.

Бірыңғай басқару орталығының мөрінің бедері мен аккредиттеу картасын толтыруға уәкілетті лауазымды адамдардың қолтаңбаларының үлгілерін, сәйкестендіру

карталары мен аккредиттеу карталарының үлгілерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөліміне және ішкі істер органдарына ұ с ы н а д ы .

10. Аккредиттеу карталары Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері жоқ елдердің ғана азаматтары болып табылатын халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыларға және (немесе) қатысушылардың қызметкерлеріне олардың Қазақстан Республикасына келуіне дейін кемінде бір ай қалғанда таратылады.

Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері бар елдердің азаматтары болып табылатын делегациялардың басшыларына және олармен бірге жүретін адамдарға аккредиттеу карталары халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушының шешімі бойынша дипломатиялық арналар арқылы олардың Қазақстан Республикасына келуіне дейін кемінде бір ай қалғанда таратылады.

11. Аккредиттеу халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылар қызметкерлері туралы ақпаратты ақпараттық дерекқорға енгізу және аккредиттеу карталарын беру жолымен жүзеге асырылады. Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыларға және (немесе) қатысушылардың қызметкерлеріне аккредиттеу карталарын Бірыңғай басқару орталығында берген сәттен бастап олар аккредиттелген болып есептеледі.

12. Аккредиттеу картасы 12 айға дейінгі мерзімге беріледі. Бірыңғай басқару орталығы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушының және (немесе) қатысушының қызметкерінің аккредиттеу картасын ұзарту туралы өтініші негізінде күнтізбелік он күн ішінде ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісім бойынша аккредиттеу картасын бір рет ұзартуды жүзеге асырады. Аккредиттеу картасының әрекет ету мерзімі халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушының және (немесе) қатысушының қызметкерінің құжатының әрекет ету мерзімінің аяқталуына дейін кемінде 3 ай қалғанда анықталады.

13. Халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері Қазақстан Республикасына келгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күн бұрын халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің тізімін қалыптастырады және ұлттық қауіпсіздік о р г а н д а р ы н а ұ с ы н а д ы .

Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің тізіміне енгізілген адамға қатысты заңды шектеулер табылған жағдайда, осы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыға және (немесе) қатысушының қызметкеріне Қазақстан Республикасының а у м а ғ ы н а к і р у г е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

14. Бірыңғай басқару орталығы халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткеннен кейін күнтізбелік бес күн ішінде оларды тіркеу туралы өтінішпен ішкі істер органдарына жүгінеді. Өтінішке халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің құжаттары, шекараны кесіп өткендігі туралы белгісі бар көші-қон карталары және аккредиттеу карталары қоса беріледі.

Тіркеуді ішкі істер органдары бір жұмыс күні ішінде халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің аккредиттеу карталарының әрекет ету мерзімінен аспайтын кезеңде ө т к і з е д і .

15. Визасыз келу және болу тәртібі туралы ратификацияланған халықаралық шарттар бар мемлекеттердің азаматтарын тіркеу визасыз болу рұқсат етілген мерзімге ж ү р г і з і л е д і .

16. Аккредиттеу картасының күшін жоюды халықаралық мамандандырылған көрмені ұйымдастырушы мен халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы немесе қатысушының қызметкері арасында халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы немесе қатысушының қызметкерінің Қазақстан Республикасында бұдан әрі болуына негіз жоқ екендігі туралы актіге қол қойған күні жүргізіледі. Осы актінің негізінде халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері аккредиттеу карталарын Бірыңғай басқару о р т а л ы ғ ы н а қ а й т а р а д ы .

Мұндай жағдайда халықаралық мамандандырылған көрменің қатысушысының және (немесе) қатысушының қызметкерінің аккредиттеу картасының күші жойылған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде Бірыңғай басқару орталығы оларға «P5» санатындағы шығу визасын белгіленген тәртіппен ресімдеу үшін ішкі істер о р г а н д а р ы н а жү г і н е д і .

17. Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы және (немесе) қатысушының қызметкері аккредиттеу картасын жоғалтқан немесе жаңа құжат алған жағдайда, Бірыңғай басқару орталығы ұлттық қауіпсіздік органдарымен келісе отырып, халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушы және (немесе) қатысушының қызметкері Бірыңғай басқару орталығына өтініш берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жаңа аккредиттеу картасын береді.

18. Аккредиттеу картасының жоғалғаны, күшінің жойылғаны, ұзартылғаны туралы, сондай-ақ жаңа аккредиттеу картасының берілгені туралы Бірыңғай басқару орталығы күнтізбелік бес күн ішінде ұлттық қауіпсіздік органдарын, ішкі істер органдарын х а б а р д а р е т е д і .

19. Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың қызметкерлеріне сәйкестендіру және аккредиттеу карталарын беру 2014 жылғы 1 сәуірден 2017 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі кезеңде, халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушыларға 2017 жылғы 1 қаңтардан 1 қазанға дейінгі кезеңде жүзеге асырылады.

20. Аккредиттеу картасы және виза бір мезгілде әрекет еткен жағдайда, Қазақстан Республикасына кіру аккредиттеу картасының әрекет ету мерзімі визаның әрекет ету мерзімінен ұзақ болса, онда аккредиттеу картасы арқылы, егер визаның әрекет ету мерзімі аккредиттеу картасының әрекет ету мерзімінен ұзақ болса, онда виза арқылы жүзеге асырылады.

21. Халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылар және (немесе) қатысушылардың қызметкерлері олардың сапарларының мақсаты аяқталған және (немесе) аккредиттеу карталарының әрекет ету мерзімі өткен кезде, осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, аккредиттеу карталарын Қазақстан Республикасынан шыққан кезде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімшесіне тапсырады.

22. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі бөлімшесі халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысушылардың және (немесе) қатысушылардың қызметкерлерінің аккредиттеу карталарын олар Қазақстан Республикасынан шыққаннан кейін күнтізбелік бес күн ішінде Бірыңғай басқару орталығына береді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы
халықаралық мамандандырылған көрмеге
қатысушылардың және (немесе)
қатысушылар қызметкерлерінің келу және
оларды тіркеу қағидаларына
1-қосымша

Сәйкестендіру картасының нысаны

Халықаралық мамандандырылған көрме логотипі
Карта иесінің тегі мен аты Жынысы
Карта иесінің фотосуреті (3,5см.*4,5см.)
Туған жері: елі/өңірі
Азаматтығы (карта иесінің паспортында көрсетілгендей)
Паспорт нөмірі Паспорттың қолданылу мерзімі
Тұратын жері
Аккредиттеу санатының коды мен түсі
Жауапты ұйымның ұйым күні
Қазақстан Республикасына келу күні
Қазақстан Республикасында алғашқы келген пункті
Иесінің қолы
Жауапты ұйымның уәкілетті адамының қолы мен мөрі

Е с к е р т п е :

сәйкестендіру картасының көлемі – 15 см (ені) * 10 см (биіктігі);
деректер ағылшын тілінде енгізіледі.

Қазақстан Республикасының аумағындағы
халықаралық мамандандырылған көрмеге
қатысушылардың және (немесе)
қатысушылар қызметкерлерінің келу және
оларды тіркеу қағидаларына
2-қосымша

Аккредиттеу картасының нысаны

Фотосурет (3,5см.*4,5см.) Халықаралық мамандандырылған көрме логотипі
Аккредиттеу санатының коды мен түсі
Ш т р и х к о д ы
А к к р е д и т т е у н ө м і р і
Карта иесінің тегі мен аты Функциясы Функция коды
Объектілерге р ұ қ с а т
О р н а л а с у о р ы н д а р ы
К ө л і к т ү р і
П а с п о р т н ө м і р і
Паспорттың қолданылу мерзімі
Аккредиттеу картасының қолданылу мерзімі
Аккредиттеу картасының ұзартылған күні және саны
Аккредиттеу картасының қолданылу мерзімін қысқарту туралы белгі
Халықаралық мамандандырылған көрменің Бірыңғай басқару орталығының
уәкілетті қызметкерінің Т.А.Ә. және қолы
Мөр орны

Осы картаның иесіне Қазақстан Республикасының кіру-шығу визасы талап етілмейді

Е с к е р т п е :

аккредиттеу картасының көлемі – 10 см (ені) * 15 см (биіктігі);
деректер ағылшын тілінде енгізіледі.